

"Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 69 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20715 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі - Банктер туралы заң), "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі - Рұқсаттар туралы заң), "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі (бұдан

әрі - Валюталық реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдарды лицензиялау, уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды."

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы, "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі, "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарында, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Валюталық реттеу туралы заңда көрсетілген мағынада қолданылатын ұғымдар қолданылады.";

екінші бөліктің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аппараттық-бағдарламалық кешен - айырбастау операцияларының, аффинирленген құйма алтынды сатып алудың және (немесе) сатудың есебін жүргізуді қамтамасыз ететін бақылау-касса машинасының функцияларын іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;"

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мына тұлғалар:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған уәкілетті ұйымның құрылтайшысы, қатысушысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің күнінен бастап 3 (үш) жыл өткенге дейін;

2) өзіне қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар тұлға;

3) КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлға уәкілетті ұйымның

құрылтайшысы, қатысушысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылмайды.";

14, 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияны және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияға қосымшаны "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 3 және

4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша береді.

15. Қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның болуы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң (автоматтандырылған айырбастау пунктiнiң) жұмыс iстеуi үшiн негiз болып табылады. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін ашу үшін қолданыстағы лицензияға қосымша алады, ол қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.";

мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2, 17-3, 17-4 және 17-5-тармақтармен толықтырылсын:

"17-1. "Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетуге процестің сипатын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге мәліметтерді қамтитын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 4-1-қосымшада белгіленген.

17-2. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы лицензияны және лицензияға қосымшаны немесе қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш (бұдан әрі - өтініш) келіп түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі - жауапты бөлімше) орындауға жолдайды.

Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініш келесі жұмыс күні қабылданады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіліп, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрату қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

17-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Берілген құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде, жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарастырады, лицензияның және лицензияға қосымшаның, қолданыстағы лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

17-4. Уәкілетті ұйымның айырбастау пункті үй-жайының, жабдығының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарап тексеруді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін көзделген мерзім ішінде жүргізеді.

17-5. "Электрондық үкіметтің" веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.";

18-тармақ алып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Уәкілетті ұйым мынадай:

1) уәкілетті ұйым қосылу, бірігу нысанында қайта ұйымдастырылған;

2) уәкілетті ұйымның атауы және (немесе) мемлекеттік тіркеу орны өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш жасайды.

Уәкілетті ұйым (оның филиалы) мынадай:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген;

2) айырбастау пунктінің нақты орын ауыстырмай орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияның қолданыстағы қосымшасын қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш жасайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында және екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, егер уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркеу орнының, уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта

ресімдеуге электрондық өтініш қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2, 19-3, 19-4, 19-5 және 19-6-тармақтармен толықтырылсын:

"19-1. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген жағдайда).

19-2. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеген кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін қарайды, қайта ресімделген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық

қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.

19-3. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

19-4. Мыналар лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден, қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) Валюталық реттеу туралы заңда және Рұқсаттар туралы заңда көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Валюталық реттеу туралы заңда және Рұқсаттар туралы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

19-5. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Ұлттық Банктің аумақтық филиалы басшысының не оның орнындағы адамның атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және шағым жасалған күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалының атына келіп түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы оны тіркеу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

19-6. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.";

20 және 21-тармақтар алып тасталсын;

33-2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"33-2. Айырбастау пункттерінің (автоматтандырылған айырбастау пункттерінің) жұмыс режимі теміржол вокзалдарының, казино ғимараттарының ішінде, халықаралық әуежай аэровокзалдарының ішінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобильмен, теңіз және өзен арқылы өткізу пункттерінің аумағында орналасқан айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) қоспағанда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға 9 сағат 00 минуттан бастап 20 сағат 00 минутқа дейінгі уақыт аралығында дербес анықтайды.";

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-1-қосымшамен толықтырылсын;

12-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші және алпыс бесінші абзацтарын қоспағанда, осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі
 "КЕЛІСІЛДІ"
 Қазақстан Республикасының
 Сауда және интеграция министрлігі
 "КЕЛІСІЛДІ"
 Қазақстан Республикасының
 Ұлттық экономика министрлігі
 "КЕЛІСІЛДІ"
 Қазақстан Республикасының
 Цифрлық даму, инновациялар және
 аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2020 жылғы 18 мамырдағы
 № 69 қаулысына
 1-қосымша
 Қазақстан Республикасында
 қолма-қол шетел валютасымен
 айырбастау операцияларын
 жүзеге асыру қағидаларына
 4-1-қосымша

"Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

| | | |
|----|---------------------------------------|--|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары |
| 2. | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Өтінішті порталда тіркеген күннен бастап: лицензияны және оған қосымшаны берген кезде - 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде; колданыстағы лицензияға қосымша берген кезде - 10 (он) жұмыс күні ішінде; лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеген кезде - 10 (он) жұмыс күні ішінде. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны | Электрондық |
| | | |

| | | |
|----|--|--|
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағида) 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қосымшасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензия беру үшін лицензиялық алым төленеді: 1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 40 (қырық) айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды. Лицензиялық алым екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленеді. |
| 7. | Жұмыс кестесі | Ұлттық Банк аумақтық филиалының жұмыс кестесі - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. |
| | | <p>Үкілетті ұйым қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтінішті; 2) жарғының электрондық көшірмесін; 3) "электрондық үкіметтің" төлемдік шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін; 4) екінші деңгейдегі банктің шетел валютасындағы банк шоты болуы туралы анықтамасының электрондық көшірмесін; 5) екінші деңгейдегі банктің Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті ұйымның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген құжатының электрондық көшірмесін (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме); 6) кассирдің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткенін растайтын екінші деңгейдегі банк анықтамасының электрондық көшірмесін не 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген және қызметкердің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кассир ретінде кемінде 6 (алты) ай еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда); |

| | |
|--|--|
| <p>8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі</p> | <p>7) уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын құжаттың (қарыз шарты, мүлікті сатып алу-сату шарты, кірістер туралы анықтама) электрондық көшірмесін жібереді. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын басқа құжаттардың электрондық көшірмелерін беруге рұқсат етіледі.</p> <p>Қосымша ашылатын айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін қолданыстағы лицензияға қосымшаны алу үшін уәкілетті ұйым (оның филиалы) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мына құжаттарды:</p> <p>1) қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтінішті;</p> <p>2) қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін екінші деңгейдегі банктің Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті ұйымның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген құжатының электрондық көшірмесін (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме) не уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің қосымша айырбастау пунктін ескере отырып белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымша алуға өтініш берген айдың біріндегі жағдай бойынша қаржылық есептіліктің электрондық көшірмесін;</p> <p>3) кассирдің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткенін растайтын екінші деңгейдегі банк анықтамасының электрондық көшірмесін не Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінде көзделген және қызметкердің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кассир ретінде кемінде 6 (алты) ай еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда);</p> <p>4) уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын құжаттың (қарыз шарты, мүлікті сатып алу-сату шарты, кірістер туралы анықтама) электрондық көшірмесін жібереді. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын басқа құжаттардың электрондық көшірмелерін беруге рұқсат етіледі;</p> <p>5) автоматтандырылған айырбастау пунктінің техникалық сипаттамаларын және оның Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін жібереді (айырбастау пунктін қоспағанда).</p> |
| | <p>Қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш;</p> <p>2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген жағдайда).</p> |

| | |
|---|--|
| 9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұ с ы н б а у ; 2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| 10. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz . Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы жеке кабинеті арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Қызметті тұтынушыларға" одан әрі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" б ө л і м і н д е к ө р с е т і л г е н . Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы : 8-800-080-7777, 1414. |

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2020 жылғы 18 мамырдағы
 № 69 қаулысына
 2-қосымша
 Қазақстан Республикасында
 қолма-қол шетел валютасымен
 айырбастау операцияларын
 жүзеге асыру қағидаларына
 12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына немесе аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет ресурсында орналасқан

Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: NIV_UB

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Есеп ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк (оның филиалы)

Ұсыну мерзімі: ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетісіне) дейін (қоса алғанда

)

Нысан

| | | |
|--|--|------------------------------------|
| | | оның ішінде валюталар түрі бойынша |
| | | |

| Көрсеткіштің атауы | Жол коды | Барлық валюталар | USD | EUR | RUB | CNY | GBP | Басқа да валюталар (шетел валютасының түрін көрсетіңіз) |
|--|----------|------------------|-----|-----|-----|-----|-----|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | (...) |
| 1-бөлім. Жеке тұлғалардан қолма-қол шетел валютасын сатып алу бойынша операциялар | | | | | | | | |
| Сатып алынған қолма-қол шетел валютасы, барлығы | 110 | | | | | | | |
| оның ішінде бейрезиденттерден | 111 | | | | | | | |
| Қолма-қол шетел валютасын сатып алу бойынша операциялар саны | 210 | | | | | | | |
| оның ішінде сомаға: | | | | | | | | |
| бір миллион теңгеге (қоса алғанда) дейін | 211 | | | | | | | |
| екі миллион теңгеден астам | 212 | | | | | | | |
| он миллион теңгеден басталады және одан жоғары | 213 | | | | | | | |
| Ең төмен сатып алу бағамы | 311 | X | | | | | | X |
| Ең жоғары сатып алу бағамы | 312 | X | | | | | | X |
| 2-бөлім. Жеке тұлғаларға қолма-қол шетел валютасын сату бойынша операциялар | | | | | | | | |
| Сатылған қолма-қол шетел валютасы, барлығы | 120 | | | | | | | |
| оның ішінде бейрезиденттерге | 121 | | | | | | | |
| Қолма-қол шетел валютасын сату бойынша операциялар саны | 220 | | | | | | | |
| оның ішінде сомаға: | | | | | | | | |
| бір миллион теңгеге (қоса алғанда) дейін | 221 | | | | | | | |
| екі миллион теңгеден астам | 222 | | | | | | | |
| он миллион теңгеден басталады және одан жоғары | 223 | | | | | | | |
| Ең төмен сатып алу бағамы | 321 | X | | | | | | X |
| Ең жоғары сатып алу бағамы | 322 | X | | | | | | X |

Уәкілетті банктің (оның филиалының) атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

қолы, телефоны

Айырбастау пункттері
арқылы жүргізілген
айырбастау операциялары
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды уәкілетті банк (оның филиалы) Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес толтырылатын Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімдерінің есепті айдағы деректері бойынша ай сайын жасайды.

4. Нысанды жасау кезінде теңгемен берілген есеп айырысуларда Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімінің 8 және 10-бағандарына сәйкес көрсетілген теңгемен айырбастау операциясының сомасы пайдаланылады.

5. Есептік кезеңде деректер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

6. Деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті ұсынуға берілген мерзім өткеннен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Есептің 1-бағанында уәкілетті банктің (оның филиалының) айырбастау пункттері есепті кезеңде айырбастау операцияларын жүзеге асырған шетел валюталарының барлық түрлері бойынша деректер беріледі. Айырбастау операцияларының көлемі бойынша жиынтық деректер теңгемен есептелінеді.

8. 1-бағанда 110, 111, 120 және 121-жолдар бойынша деректер бүтін мәнге дейін дөңгелектеніп, мың теңгемен толтырылады (бес жүз теңгеден кем деректер нөлге дейін, бес жүзден бір мың теңгеге дейін - бірге дейін дөңгелектенеді).

9. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда деректер Америка Құрама Штаттары доллары (USD), еуро (EUR), Ресей рублі (RUB), Қытай юані (CNY), ағылшын фунт стерлингi (GBP) бойынша беріледі, ал одан әрі нөмірленген бағандарда уәкілетті банктің (оның филиалының) айырбастау пункттері есепті кезеңде айырбастау операцияларын жүзеге асырған валюталардың қалған түрлері бойынша деректер беріледі.

10. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда 110, 111, 120 және 121-жолдар бойынша деректер тиісті валютаның бірлігінде ұсынылады.

Егер айырбастау пункттері есепті кезеңде 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда көрсетілген қандай да бір валюталармен айырбастау операцияларын жүргізбесе, онда тиісті баған толтырылмайды.

11. 210, 211, 212, 213, 220, 221, 222 және 223-жолдар есептеу бірлігінде толтырылады.

12. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда 311, 312, 321 және 322-жолдар бойынша тиісті шетел валютасының бағамы көрсетіледі. 311 (321) жол бойынша тиісті бағанда уәкілетті банктің (оның филиалының) айырбастау пункттері үшін есепті айда теңгемен сатып алу (сату) үшін белгіленген осы шетел валютасы бағамдарының ең төменгісі көрсетіледі, 312 (322) жол бойынша - уәкілетті банктің (оның филиалының) айырбастау пункттері үшін есепті айда теңгемен сатып алу (сату) үшін белгіленген осы шетел валютасының бағамдарының ең жоғарғысы көрсетіледі.

13. Осы есепті толтыру кезінде барлық бағандар бойынша мынадай талаптарды орындау қамтамасыз етіледі:

коды 111-жол \leq коды 110-жол;

коды 121-жол \leq коды 120-жол;

коды 210-жол \geq коды 211-жол + коды 212-жол+ коды 213-жол;

коды 220-жол \geq коды 221-жол + коды 222-жол+ коды 223-жол.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 69 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
13-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына немесе аумақтық филиалына

| | | | | | | | | |
|---|-----|---|--|--|--|--|--|---|
| бір миллион теңгеге дейін (қоса алғанда) | 221 | | | | | | | |
| екі миллион теңгеден астам | 222 | | | | | | | |
| он миллион теңгеден басталады және одан жоғары | 223 | | | | | | | |
| Ең төменгі сатып алу бағамы | 321 | X | | | | | | X |
| Ең жоғарғы сатып алу бағамы | 322 | X | | | | | | X |
| 3-бөлім. Шетел валютасының қозғалысы туралы есеп | | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің басындағы шетел валютасының қалдығы (410 = 411 + 412) | 410 | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| кассадағы қолма-қол шетел валютасы (айырбастау пункттерінің кассасын қоса алғанда) | 411 | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктерді көрсету) уәкілетті банктердегі валюталық шоттардағы шетел валютасы | 412 | | | | | | | |
| Есепті кезеңде түскен шетел валютасы (420 > = 421 + 422 + 423 + 424). | 420 | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктерді көрсету) уәкілетті банктерден сатып алынған шетел валютасы | 421 | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктерді көрсету) уәкілетті банктерден қарыздар | 422 | | | | | | | |
| айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғалардан сатып алынғаны | 423 | | | | | | | |
| басқа да түсімдер | 424 | | | | | | | |
| Жұмсалған шетел валютасы (430 > = 431+432 + 433 + 434) | 430 | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктің атауын көрсету) уәкілетті банкке сатылған шетел валютасы | 431 | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктің атауын көрсету) уәкілетті банктердің қарыздары өтелді | 432 | | | | | | | |
| айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғаларға сатылған қолма-қол шетел валютасы | 433 | | | | | | | |
| басқа да шығыстар | 434 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|-----|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Есепті кезеңнің соңындағы шетел валютасының қалдығы (440 = 441 + 442) | 440 | | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| кассадағы қолма-қол шетел валютасы (айырбастау пункттерінің кассасын қоса алғанда) | 441 | | | | | | | | |
| ----- ----- (уәкілетті банктерді көрсету) уәкілетті банктердегі валюталық шоттардағы шетел валютасы | 442 | | | | | | | | |

Уәкілетті банктің (оның филиалының) атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Шетел валютасының қозғалысы және айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Шетел валютасының қозғалысы және айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Шетел валютасының қозғалысы және айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды уәкілетті ұйым (оның филиалы) Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес толтырылатын Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімдерінің есепті айға арналған деректері бойынша ай сайын жасайды. Уәкілетті ұйымның филиалы дербес Нысанды жасайды.

4. Нысанды жасау кезінде теңгемен берілген деректер үшін есептеулерде Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімінің 8 және 10-бағандарына сәйкес көрсетілген айырбастау операциясының теңгемен сомасы пайдаланылады.

5. Есептік кезеңде деректер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

6. Деректерді түзету (түзеу, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

2. 1 және 2-бөлімдер бойынша Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

7. Есепті қалыптастыру кезінде теңгемен берілген деректер үшін есептеулерде Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімінің тиісінше 8 және 10-бағандарында көрсетілген теңгемен айырбастау операциясы сомасының баламасы пайдаланылады.

8. Есептің 1-бағанында ("X" белгісімен белгіленген жолдарды қоспағанда) уәкілетті ұйымның (оның филиалының) айырбастау пункттері есепті кезеңде айырбастау операцияларын жүзеге асырған шетел валюталарының барлық түрлері бойынша деректер беріледі. Айырбастау операцияларының көлемдері бойынша жиынтық деректер теңгемен есептеледі.

9. 1-бағанда кодтары 110, 111, 120 және 121-жолдар бойынша деректер бүтін мәнге дейін дөңгелектеніп, мың теңгемен толтырылады (бес жүз теңгеден кем деректер нөлге дейін, бес жүзден бастап бір мыңға дейінгі - бірге дейін дөңгелектенеді).

10. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда деректер Америка Құрама Штаттарының доллары (USD), еуро (EUR), Ресей рублі (RUB), Қытай юані (CNY), ағылшын фунт стерлингi (GBP) бойынша беріледі, ал одан әрі нөмірленген бағандарда уәкілетті ұйымның (оның филиалының) айырбастау пункттері есепті кезеңде айырбастау операцияларын жүзеге асырған валюталардың қалған түрлері бойынша деректер келтіріледі.

11. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда 110, 111, 120 және 121-жолдар бойынша деректер тиісті валютаның бірлігінде беріледі.

Егер айырбастау пункттері есепті кезеңде 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда көрсетілген қандай да бір валютамен айырбастау операцияларын жүргізбесе, онда тиісті баған толтырылмайды.

12. 210, 211, 212, 213, 220, 221, 222 және 223-жолдар шоттың бірлігімен толтырылады.

13. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда 311, 312, 321 және 322-жолдар бойынша тиісті шетел валютасының бағамы көрсетіледі. 311 (321)-жол бойынша тиісті бағанда уәкілетті ұйымның (оның филиалының) айырбастау пункттері үшін есепті кезеңде теңгемен сатып алу (сату) үшін белгіленген осы шетел валютасы бағамдарының ең төменгісі көрсетіледі; 312 (322)-жол бойынша - уәкілетті ұйымның (оның филиалының) айырбастау пункттері үшін есепті кезеңде теңгемен сатып алу (сату) үшін белгіленген осы шетел валютасы бағамдарының ең жоғарғысы көрсетіледі.

14. Есептің 1 және 2-бөлімдерін толтыру кезінде барлық бағандар бойынша мына талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 111-жол \leq коды 110-жол;

коды 121-жол \leq коды 120-жол;

коды 210-жол \geq коды 211-жол + коды 212-жол + коды 213-жол;

коды 220-жол \geq коды 221-жол + коды 222-жол + коды 223-жол.

3-бөлім бойынша

15. Есептің 3-бөлімінде 1-баған толтырылмайды.

16. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда жолдар бойынша деректер тиісті валютаның мың бірлігімен беріледі.

17. 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда және одан әрі нөмірленген бағандарда 423 және 433-жолдар бойынша деректер мың бірлікке айналдырылған 110 және тиісінше 120-бағандардағы деректерге тең болуға тиіс.

18. Есептің 3-бөлімін толтыру кезінде 2, 3, 4, 5 және 6-бағандар және одан әрі нөмірленген бағандар бойынша 410, 420, 430 және 440-жолдар бойынша тиісті көрсеткіштердің атауында көрсетілген талаптарды орындау қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 69 қаулысына
4-қосымша
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
14-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына немесе аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Баламасы 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттарының долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: NIV_VAL

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк (оның филиалы) немесе уәкілетті ұйым (оның филиалы)

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) дейін (қоса алғанда)

Нысан

| 1. Клиент туралы ақпарат | | | 2. Валюталық операция туралы ақпарат | | | |
|---|---|------------------------|--------------------------------------|------------------|---------------------------------|-------------|
| Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) | Жеке сәйкестендіру нөмірі (өзге деректер) | Резиденттілік белгісі* | Күні | Сатып алу (сату) | Валютаның мың бірлігімен сомасы | Валюта коды |
| 1.1 | 1.2 | 1.3 | 2.1 | 2.2 | 2.3 | 2.4 |
| | | | | | | |

* - айырбастау операциясын жүргізу кезінде клиент ұсынған құжатқа сәйкес көрсетіледі: 1 - резиденттер үшін (Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға берілген рұқсат негізінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар), 2 - бейрезиденттер үшін

Уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе уәкілетті ұйымның (оның филиалының)

атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)
Күні 20__ жылғы " ____ " _____

қолы, телефоны

Баламасы 50 000 (елу мың)
Америка Құрама Штаттарының
долларына тең немесе одан
асатын сомаға қолма-қол шетел
валютасын сатып алу және
(немесе) сату туралы есеп
нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Баламасы 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттарының долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату туралы есеп"

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Баламасы 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі - АҚШ) долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысанды уәкілетті банк (оның филиалы) немесе уәкілетті ұйым (оның филиалы) ай сайын ұсынады және баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу немесе сату операциялары туралы ақпаратты қамтиды.

3. Нысанға басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) көрсете отырып қол қояды.

4. Есептік кезеңде деректер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

5. Деректерге түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсынуға берілген мерзім өткеннен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысан есепті кезеңде бір жеке тұлғаға баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларына тең немесе одан асатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату операциясы болған кезде жіберіледі.

7. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу немесе сату операциялары бойынша ақпарат операцияны өткізу күніндегі есепте көрсетіледі.

8. Нысанның 1-бөлігінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу немесе сату операциясын жүзеге асырған жеке тұлға-клиент туралы ақпарат көрсетіледі.

9. 1.2-бағанда жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде 1.2-бағанда жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетіледі.

10. Нысанның 2-бөлігінде шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша операция туралы ақпарат көрсетіледі.

2.2-бағанда клиент қолма-қол шетел валютасын сатып алған кезде "1", клиент қолма-қол шетел валютасын сатқан кезде "2" көрсетіледі.

2.4-бағанда "Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес валютаның үш мәнді әріптік коды көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 69 қаулысына
5-қосымша
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
16-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына немесе аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша айырбастау пункттері арқылы жүргізілген операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: SMSAZ_UO

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 ____ жылғы _____

Есеп беретін тұлғалар тобы: уәкілетті ұйым (оның филиалы)

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 10 (онына) дейін (қоса алғанда)

Нысан

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның нөмірі және күні _____

| Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Барлығы теңгемен | Массалары (грамм) бойынша түрлері | | | | |
|--|-------------|------------------|-----------------------------------|-----|-----|-----|-----|
| | | | ... | ... | ... | ... | ... |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1-бөлім. Жеке тұлғалардан аффинирленген құйма алтынды сатып алу операциялары | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|-----|---|--|--|--|--|--|--|--|
| Сатып алынған аффинирленген құйма алтынның құны барлығы | 110 | | | | | | | | |
| оның ішінде бейрезиденттер | 111 | | | | | | | | |
| Сатып алынған аффинирленген құйма алтынның саны барлығы | 120 | X | | | | | | | |
| 2-бөлім. Жеке тұлғаларға аффинирленген құйма алтынды сату бойынша операциялар | | | | | | | | | |
| Сатылған аффинирленген құйма алтынның құны барлығы | 210 | | | | | | | | |
| оның ішінде бейрезиденттер | 211 | | | | | | | | |
| Сатылған аффинирленген құйма алтынның саны барлығы | 220 | X | | | | | | | |
| 3-бөлім. Аффинирленген құйма алтынды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен сатып алу және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сату бойынша операциялар | | | | | | | | | |
| Сатылған аффинирленген құйма алтынның саны | 310 | X | | | | | | | |
| Сатып алынған аффинирленген құйма алтынның саны | 320 | X | | | | | | | |
| 4-бөлім. Аффинирленген құйма алтынмен операциялар бойынша жиынтығы | | | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің басына айырбастау пунктiнiң кассасындағы аффинирленген құйма алтынның қалдығы | 410 | X | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің соңына аффинирленген құйма алтынның қалдығы | 420 | X | | | | | | | |

Уәкілетті ұйымның (оның филиалының) атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі шығарған
аффинирленген құйма алтынды
сатып алу және (немесе)
сату бойынша айырбастау
пункттері арқылы жүргізілген
операциялар туралы есеп
нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды"

сатып алу және (немесе) сату бойынша айырбастау пункттері арқылы жүргізілген операциялар туралы есеп"

1. Осы түсіндірме "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша айырбастау пункттері арқылы жүргізілген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды уәкілетті ұйым (оның филиалы) Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналының есепті айдағы деректері бойынша ай сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде теңгемен берілген деректер үшін есептеулерде аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу тізілімінің 5 және 8-бағандарына сәйкес көрсетілген операциялардың теңгемен сомасы қолданылады.

5. Есептік кезеңде деректер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

6. Деректерге түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) есепті ұсынуға берілген мерзім өткеннен кейін алты ай ішінде енгізіледі.